

2024 - 2025 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 3 қыркүйектегі № 276 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2024 - 2025 оқу жылына арналған жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2024 - 2025 оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тіліндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Ғ. Нұрмұхамбетов

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің

2024 жылғы 3 қыркүйектегі
№ 276 қаулысына 1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2024 – 2025 оқу жылына арналған жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы және нөмірі	Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі, күндізгі оқыту нысаны (орын, грант саны)	Оқу жылында бір студентті оқытуға жұмсалатын шығынның орташа құны (ұлттық жоғары оқу орындарын қоспағанда) (теңге)
1.	6B11 Қызмет көрсету	6B111 Қызмет көрсету саласы	B092 Тынығу	5	803 900
2	6 В 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6 В 0 6 1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	В 0 5 7 Ақпараттық технологиялар	3	1009 600
Барлығы				8	

Солтүстік Қазақстан облысы
 әкімдігінің 2024 жылғы
 3 қыркүйектегі № 276
 қаулысына 2-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2024 - 2025 оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Медициналық мамандықтардың резидентура бағдарламаларының тізбесі	Жоғары білім базасында мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі, күндізгі оқу нысаны (орындар, гранттар саны)	Оқу жылына бір студентті оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (ұлттық жоғары оқу орындарын қоспағанда) (теңге)	
					4 айға	8 айға
			Нефрология(ересектер, балалар)	1	603 766,7	1207 533,3
			Акушерлік іс және гинекология (ересектер, балалар)	11	603 766,7	1207 533,3
			Кардиология			

1	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	7R011 Денсаулық сақтау	(ересектер, балалар)	10	603 766,7	1207 533,3
			Жалпы хирургия	3	603 766,7	1207 533,3
			Онкология (ересек)	4	603 766,7	1207 533,3
			Офтальмология (ересектер, балалар)	5	603 766,7	1207 533,3
			Неврология (ересектер, балалар)	1	603 766,7	1207 533,3
			Эндокринология (ересектер, балалар)	2	603 766,7	1207 533,3
			Отоларингология (ересектер, балалар)	7	603 766,7	1207 533,3
			Психиатрия (ересектер, балалар)	4	603 766,7	1207 533,3
			Пульмонология (ересектер, балалар)	1	603 766,7	1207 533,3
			радиология	1	603 766,7	1207 533,3
Барлығы				50		